



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018



4-сурет. 2-сынып оқушыларының көңілді күй кешу деңгейлері

Сонда, Р.Тэммл, М. Дорки және В. Аменнің балалардың мектепке дейінгі қобалжу деңгейін анықтауға арналған әдістеме бойынша 7-8 жастағы 2-сыныптағы 13 баланың 100%-ында төменгі қобалжу деңгейін көрсетті.

Стъуденттің t-критерийі бойынша 6-7 жас аралығындағы 1-сынып оқушыларының қобалжу деңгейі мен 7-8 жас аралығындағы 2-сынып оқушыларының мектепке келгеніне 1 жыл өткеннен кейінгі қобалжу деңгейлері арасындағы өзгерісті анықтағанда, айырмашылық $p \leq 0.01$ деңгейінде статистикалық мәнді болды.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесінде шартты түрде балалардың мектеп қобалжуының алғышарттары анықталды. 6-7 жастағы 1-сынып оқушыларының қобалжу деңгейі 38,4%-дық көрсеткішті көрсетті.

7-8 жастағы 2-сынып оқушыларының қобалжу деңгейі 1-сыныпқа карағанда төменгі көрсеткішті көрсетті. Яғни, 2-сынып оқушылары 1-сыныпқа карағанда мектепке бейімделеді деген тұжырымдама жасалынды.

Стъуденттің T-критерийі бойынша 1-сыныптан кейінгі қобалжу деңгейімен 2-сыныптағы 7-8 жасқа келген балалардың қобалжуы арасындағы айырмашылық болатыны $p \leq 0.01$ деңгейінде статистикалық мәнді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Хорни К. Тревожность // Тревога и тревожность. СПб.: Питер, 2001. -С. 166-181.
2. Спилбергер Ч.Д. Концептуальные и методологические проблемы исследования тревоги // Стресс и тревога в спорте. М.: Физкультура и спорт, 1983.-С. 12-24.
3. Чуприкова Н.И. Сознание как высшая расчлененная и системно-упорядоченная форма отражения и его мозговые механизмы // Психологический журнал. 1981. -Т.2, №6. - С. 16-27.
4. Прихожан А.М. Психология тревожности. Дошкольный и школьный возраст. - СПб.: "Питер", 2007.
5. Кумарина Г.Ф. Школьная дезадаптация: признаки и способы предупреждения.//Народное образование. 2002. № 1.
6. Прежесецкая С.И. Когнитивное и личностное развитие младших школьников в разных системах обучения: Дис. .канд. психол. наук. -М., 1995.- 111 с.

УДК 159.9

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АТА-АНА ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Құрмашова Айдана Серікқызы,
Ерманова Сапаргүл Дархановна**

«Психология» мамандығының 3-курс студенттері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Ғылыми кеңесші - А. Р. Ерментаева

А.В. Черниковтың анықтамасы бойынша «отбасы – өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе».
А.В. Мудриктің анықтамасы бойынша «отбасы - неке мен туыстық қарым-қатынасқа

негізделген кіші топ». Оларды бірге орындайтын үй шаруасы, бір-біріне көмектесу, жауапкершілік байланыстырады. Отбасында негізгі нормалар мен ережелер жиынтығы қалыптасады [1].

Соңғы жарты ғасырда барлық дамыған елдерде (Батыс Европа және АҚШ) әлеуметтік институт ретінде отбасының өзгеруі қатты байқалуда. Мұнда негізгі тенденциялар: тұрмыстық шаруашылық өлшемінің төмендеуі; кеңейтілген отбасынан нуклеарлы отбасына көшу; некесіз (тіркелмеген неке) бірге тұрудың пайда болуы және некеде болса да бөлек тұру; жынысын ауыстыру, бір жынысты бірге тұру және ұрпақтар арасындағы байланыс; отбасы мен бала құндылығының төмендеуі және аз балалы болу.

Ф.Ле Пленің айтуынша, отбасылық қарым-қатынастың тұрақсыздығы индустриализация мен урбандалудың әсеріне байланысты және әкенің беделі жыл сайын төмендеп келе жатыр [2].

Жеткіншектік жаста жыныстық даму және басқа жынысты адамдармен қарым-қатынас орнату болашақ отбасы туралы түсініктердің қалыптасуына әсер етеді. Болашақ отбасы туралы түсініктер – субъектінің өзі мен басқа отбасы мүшелерін қосатын отбасының субъективті бейнесі. Бұл – отбасы ішіндегі және туыстар арасындағы қарым-қатынас және субъектінің осы қарым-қатынастарға көзқарасы [3].

Жеткіншектердің отбасы туралы түсініктері педагогикалық психология бағытында зерттеле бастаған. Осы мәселенің түрлі аспектілері Т.А. Гурко, А.И. Антонов, А.И. Кузьмин, А.Г. Гурков және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Жеткіншектердің отбасы туралы түсініктеріне тәрбие мен білімнің әсері Б.Р. Псавко, И.С. Кон, А.Б. Добрович, П.Я. Старожицкий еңбектерінде қарастырылған [4].

«Болашақ отбасы туралы түсінік» анализі классикалық және заманауи зерттеулерде кең қолданылған. Отбасы туралы түсінік проблемасын Т.М. Мишина, Э.Г. Эйдемиллер, ал отбасы туралы деструктивті түсініктерді П. Вацлавик, К. Витакер, М. Боуэн зерттеген.

«Болашақ отбасы бейнесі» - отбасы динамикасы, оның мүшелерімен қарым-қатынастың когнитивті және эмоционалды комплексі. Отбасы бейнесі адамда ұзақ жылдар бойы қалыптасады және түрлі факторлардың (ата-ана отбасы, оның құрамы, гендерлік ерекшеліктері, стереотиптері) әсерін сипаттайды. Адамның бейсанасындағы «ата-ана отбасы» бағдарламасы өмір бойы әрекет жасайды, оның өмірлік мақсаттарын қалыптастырады және болашақ отбасындағы құндылықтарды, принциптерді анықтайды. Психологиялық зерттеулерде болашақ отбасы туралы заманауи түсініктерге көп зейін қойылады (Ю.Е. Алешина, Е.В. Антонюк, Э. Берн, М.И. Буянов, А.С. Волович, Е.Б. Маценова, Н.В. Парашина, А.Л. Журавлев, Н.А. Журавлева және т.б.). Сондықтан жеткіншектің «болашақ отбасы бейнесіне» болашақ отбасы, болашақ жары, отбасылық қарым- қатынас және тәрбие әдістері туралы түсініктер комплексі кіреді. Зерттеушілер отбасы бейнесінің ата-ана мен оның баласында қалыптасу ерекшеліктері сияқты «отбасы бейнесі» түсінігінің аспектісін белсенді түрде қарастыруда (Н.В. Панкова, Н.И. Демидова) [5].

Е.Х. Агнаева, Н.А. Васильченко, Е.Х. Валееваның пікірінше, жеткіншектерде болашақ отбасы туралы түсініктері «ересектер бейнесі» түсінігі арқылы қалыптасады. Оның құрылымы қиын және келесі сипаттамаларды қамтиды: ересектерді балаға қамқор деп түсіну; болашақ жары - қарым-қатынас пен өзара байланыс бойынша серігі; ересек - тәрбиелеуші, баланың мінез-құлқын бағалаушы, моральді тұрғыда авторитет деп түсіну. Ересек бейнесін түсіну үшін, балада ересектермен қарым-қатынас жасау тәжірибесі түрлі әлеуметтік рөлдерде, іс-әрекет түрлерінде жеткілікті деңгейде болуы тиіс [6]. О.Г. Кулиштің еңбегі бойынша, болашақ отбасы туралы бейненің қалыптасуына баланың ата-ана тарапынан қарым-қатынасты қабылдау ерекшеліктері әсер етеді [7].

Й.Лангеймер мен З. Затайчектің пікірінше, жеткіншектердің болашақ отбасы туралы түсінігіне оның әйелдер мен еркектердің жыныстық айырмашылықтары туралы түсініктері әсер етеді [8]. Сонымен қатар С.В. Ковалев пен Т.И. Гаганованың пайымдауынша, «әрдайым әйелдер мен еркектер арасындағы жыныстық айырмашылықтарды қолдап тұрған дұрыс. Бұл айырмашылықтарды баланың алғашқы күндерінде көруге болады [9].

Ұлдар мен қыздар отбасылық рөлдер шарттарының қалыптасуымен ерекшеленеді [10].

Е.Б. Маченованың «Представления о семье в разных группах старшеклассников и студентов» атты диссертациясында жоғары сынып оқушылары мен студенттердің отбасы туралы түсініктері зерттелінді. Зерттеу нәтижесі бойынша келесі тенденциялар анықталды: студенттер жоғары сынып оқушыларына қарағанда отбасын құруға позитивті түрде қарайды, болашақ отбасы және оның модельдері туралы көбірек талқылайды. Ең көп талқыланатын мәселе – отбасындағы құндылықтарды, қажеттіліктерді және отбасын сақтап қалу мәселесі. Ата-анасымен және бөлек тұратын студенттерді салыстыратын болсақ, жеке тұратын студенттердің отбасы туралы түсініктері мәнді болып келеді. Ал ата-анасымен тұратын студенттердің түсініктері аморфты және педагогикалық бағдарды, отбасы психологиясының этикасы мен білімін талап етеді [11].

Асыранды отбасындағы жеткіншектердің болашақ отбасы туралы түсініктеріне келетін болсақ, олардың түсініктері екі модельден тұрады: жағымды және жағымсыз. Жағымды модель баланың бақытты, эмоционалды қалпымен байланысты. Ал жағымсыз модель С.О. Докучаеваның пікірінше, болашақта жарының және басқа отбасы мүшелерінің қасиеттері, қарым-қатынасы, бала тәриесі қандай формада болмау керектігімен байланысты. Сондықтан да, жаңа отбасына түскен баланың өткен отбасы мен жаңа отбасынан алған тәжірибесін сәйкестендіру проблемасы туындайды [2].

Е.В. Алфееваның асыранды отбасына жүргізген «Сурет анализі» әдістемесінің нәтижесі бойынша, қыздар отбасын бейнелеген кезде ең бірінші биологиялық анасын салатыны анықталған. Ол ананың басым рөл атқаратындығымен және ана қыздар үшін бірінші орында тұратындығымен байланысты. Болашақ баласының суретін салған кезде, ұл балаларды салған. Бұл асыранды отбасындағы қыздардың өз жынысын қабылдай алмайтындығын білдіреді. Ұлдар керісінше суретте бірінші әкесін бейнелеген. Сонымен қатар, отбасы мүшелерінің арасындағы байланыс бейнеленбеген. Ұлдардың көпшілігі өздерін әкесі мен анасының арасына бейнелеген. Яғни, әкесі мен анасын ерлі-зайыпты ретінде қабылдамайды [12].

С.А. Терехинаның «Образы родительской и будущей семьи у девочек-подростков с делинквентным поведением» атты диссертациясында делинквентті жеткіншек қыздардың болашақ отбасы туралы бейнесі анықталды. Делинквентті жеткіншектер санының өсуі негативті тенденция болып келеді. Оның себебі – бала кезінде ата-анасынан алған теріс тәрбиесі. Жеткіншек делинквентті болған соң, болашақ отбасы дисфункционалды болу қаупі бар. Сондықтан, оларға профилактикалық жұмыс жүргізу өте өзекті болып келеді.

Зерттеу нәтижесі бойынша делинквентті жеткіншек-қыздардың отбасы әлеуметтік бейімделген отбасыларға қарағанда дисфункционалды болып келеді. Оның бір себебі – дисфункционалды отбасындағы ата-ананың стресске төзімділінің төмен болғаны.

Үйдегі атмосфера жайлы болмағандықтан, делинквентті жеткіншек-қыздарда болашақ отбасы туралы бейнесі негативті болады. Жеткіншек кезеңде қалыптасатын «Мен-концепциясында» жайлы емес отбасының іздері қалып қояды, өзіне деген қарым-қатынасы, жыныстық идентификациясы өзгереді. Делинквентті жеткіншек-қыздардың отбасы коррекциялық және психотерапиялық көмекті қажет ететіні анықталды [13].

Балалардың болашақ отбасы туралы портреті, түсініктері оның ата-ана отбасын суреттейді [14].

Біздің зерттеуге 20 ересек жеткіншек қатысты. Респонденттер тобында 8 ер бала, 12 қыз бала болды. Олар – Астана қаласы, 76 мектеп-лицейінің 9-сынып оқушылары. Зерттеуді жүргізу үшін әдіс таңдауда мәліметтерді әрі қарай сандық және сапалық талдау мүмкіндіктері, топтың жас ерекшелігіне сәйкестігі, сонымен қатар респонденттерде ата-ана отбасы мен болашақ отбасылары туралы көзқарастары туралы ақпараттың болуы ескерілді. Нәтижесінде респонденттермен жұмыс істеу үшін келесі әдістер таңдап алынды.

1. М.Кун мен Мак-Партланд тестінің модификациялық түрі. Респондентке «Менің отбасым...» және «Менің болашақ отбасым...» фразаларын пайдаланып, ата-ана және болашақ отбасын сипаттау ұсынылды. Бұл әдісте респонденттерден ресми жауап алуға

мүмкіндік береді. Себебі, фразаның басы жалғастыру үшін тематика мен синтаксистік форма ғана береді, бірақ оның қорытынды мағынасына әсер етпейді.

2. Ата-ана және болашақ отбасының татулығы мен икемділігі туралы Д.Олсон сауалнамасы (FASES–3). Бұл әдіс болашақ отбасы туралы респонденттердің көзқарастары жайлы ресмиленген ақпарат алып қана қоймай, ата-ана отбасындағы өзара қарым-қатынасты зерттеуге, респонденттердің ұмтылыс бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

3. Мәліметтерді өңдеу үшін Спирменнің корреляциялық коэффициенті және Стьюденттің тәуелді айнымалыларға арналған t-критерийі қолданылды.

1. М.Кун мен Мак-Партландтың әдістемесі бойынша жеткіншектерге «Менің отбасым...» және «Менің болашақ отбасым...» сөйлемдерін жалғастыру берілді. Қыздар ұлдарға қарағанда ата-ана және болашақ отбасы туралы толыққанды сипаттама берді. Ата-ана отбасы мен болашақ отбасын сипаттаған кезде жеткіншектер отбасындағы адам санын, көңілділігін, бос уақытын қалай өткізетінін бірінші атап кеткен. Ата-ана отбасын сипаттаған кезде 4, 5 және 6 орында сенімділік, татулық сыйластық болса, болашақ отбасын сипаттаған кезде, балалар жынысы, білімділік және материалдық жағдайын атап өткен. Сонымен қатар, көп балалы отбасын қалайтынын айтқан. Қыздар бала санымен қоса, неше ұл немесе неше қыз қалайтындығын анық айтқан. Алайда, олардан “Сіз неше бала қалайсыз?” деп сұралмаған. Жеткіншектердің ата-ана және болашақ отбасы туралы түсініктерін салыстыратын болсақ, $p \geq 0,05$ деңгейінде статистикалық мәнді болып келеді.

2. Олсон сауалнамасы бойынша ата-ана және болашақ отбасындағы ұйымшылдық деңгейі зерттелгенде (1-кесте) жыныстық өзгешеліктеріне байланысты жеткіншектердің жауаптарында ата-ана және болашақ отбасындағы икемділік деңгейінің арасында айырмашылық статистикалық болмады.

1-кесте.

Олсон сауалнамасы бойынша ата-анасы құрған отбасының ұйымшылдығы мен икемділік деңгейінің бағасы, %

Ата-анасы құрған отбасы		Ұйымшылдық деңгейі				Барлығы
		жалпы	бөлінген	біріккен	шатасқан	
Икемділік деңгейі	Ригидті	0	0	0	0	0
	Құрылымданған	0	15	10	0	25
	Икемді	0	50	25	0	75
	Хаостық	0	0	0	0	0
Барлығы		0	65	35	0	100%

Ал, Олсон сауалнамасы бойынша болашақ отбасындағы ұйымшылдық пен икемділік деңгейі 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте.

Олсон сауалнамасы бойынша болашақ отбасының ұйымшылдығы мен икемділік деңгейін талдау, %

Болашақ отбасы		Ұйымшылдық деңгейі				Барлығы
		жалпы	бөлінген	біріккен	шатасқан	
Икемділік деңгейі	Ригидті	0	0	0	0	0
	Құрылымданған	0	0	15	5	20
	Икемді	0	0	50	25	75
	Хаостық	0	0	5	0	5
Барлығы		0	0	70%	30%	100%

Сонда, зерттеу барысында жеткіншектерден ата-ана отбасы және болашақ отбасы туралы мәлімет алынды. Респонденттердің ата-ана отбасы өте жарқын және эмоциялық

болса, болашақ отбасы туралы бейнесі ресми тұрғыда бейнеленген. Статистикалық анализ жеткіншектердің ата-ата және болашақ отбасы арасындағы байланысын көрсетеді. Олсон сауалнамасы бойынша жеткіншектердің төрттен бір бөлігінің (25%) ата-ана отбасы теңгерімді, төрттен үш бөлігінің (75%) отбасы орташа теңгерімді болып табылатыны анықталды.

Отбасы көпшілігі үшін тіршіліктің маңызды бөлігі болып табылады. Қыздар ұлдарға қарағанда ата-ана және болашақ отбасы туралы сипаттай алды. Олар ата-ана отбасы мен болашақ отбасын сипаттаған кезде жеткіншектер отбасындағы адам санын, көңілділігін, бос уақытын қалай өткізетінін бірінші атап кеткен. Ата-ана отбасын сипаттаған кезде 4, 5 және 6 орында сенімділік, татулық сыйластық болса, болашақ отбасын сипаттаған кезде, балалар жынысы, білімділік және материалдық жағдайын атап өткен. Сонымен қатар, көп балалы отбасын қалайтынын айтқан. Қыздар бала санымен қоса, неше ұл немесе неше қыз қалайтындығын анық айтқан. Алайда олардан “Сіз неше бала қалайсыз?” деп сұралмаған. Жеткіншектердің ата-ана және болашақ отбасы туралы түсініктерін салыстыратын болсақ, $p \geq 0,05$ деңгейінде статистикалық мәнді болып келеді. Әрине, біз болашаққа көз жүгірте алмаймыз. Бұл экспериментке қатысқан респонденттердің болашақ отбасы өздері ойлағандай болуы немесе болмауы бізге беймәлім.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кондратюк В.Н. Изучение методов семейного воспитания // Начальная школа. - 1993. - №1. - С.70-72.
2. Докучаева С.О. Влияние родительской семьи на построение супружеской семьи в следующем поколении // Психологическая наука и образование: электрон. научн. журн. 2005. № 3. URL: <http://psyjournals.ru/psyedu/2005/n3/Dokuchaeva.shtml>
3. Недожогина Н.В. Формирование положительного образа семьи социальных сирот подросткового возраста в условиях приюта: дисс. ...канд.психол. наук. – Ижевск, 2006. - с. 21.
4. Острогорский А. Семейные отношения и их воспитательное значение // Домашнее воспитание. - 2002. - №3, №4, №5 - С.9-11.
5. Шубина А.С. Исследование системных характеристик образа семьи у детей, оставшихся без попечения родителей // Материалы XIV Международной конференции молодых ученых. – Пермь, 2011. -с.24.
6. Щербакова А.М. Формирование у подростков представления о семье и роли родителей – основное направление работы по профилактике воспроизводства социального сиротства // «Вопросы психического здоровья детей и подростков» - 2007, №1, с.41.
7. Кулиш О.Г. Образ семьи и развитие самосознание у детей дошкольного, младшего школьного и подросткового возрастов // «Возрастная психология» - 2005, №6, с.43.
8. Лангеймер Й., Матайчек З. Психическая депривация в детском возрасте.- Москва 1998, с.103.
9. Гаганова Т.И. Образ семьи в картине мире воспитанников детского дома. Автореф.дисс. ...канд.психол.наук. - Москва, 2009, с.52.
10. Алфеева Е.В. Изучение представления о будущей семье у подростков из полных и неполных семей и детских домов с помощью методики // «Рисунок семьи» в модификации Корман/ Семья и родительство – XXI век. - Курган 2009, с.77.
11. Маценова Е.Б. Представления о семье в разных группах старшеклассников и студентов. Автореф.дисс. ...канд.психол.наук. – Москва, 2001, [URL: http://www.dissercat.com/content/predstavleniya-o-seme-v-raznykh-gruppakh-starshklassnikov-i-studentov](http://www.dissercat.com/content/predstavleniya-o-seme-v-raznykh-gruppakh-starshklassnikov-i-studentov)
12. Евсеева А.Н. Психологический климат семейного общения как фактор развития Я-концепции ребенка: дисс. ...канд.психол.наук. -Нижний Новгород, 2000. -с.63
13. Терехина С.А. Образ родительской и будущей семьи у девочек-подростков с делинквентным поведением. Автореф.дисс. ...канд.психол.наук. – Москва, 2006.

[URL: http://www.dissercat.com/content/obrazy-roditelskoi-i-budushchei-semi-u-devochek-podrostkov-s-delinkventnym-povedeniem](http://www.dissercat.com/content/obrazy-roditelskoi-i-budushchei-semi-u-devochek-podrostkov-s-delinkventnym-povedeniem)

14. Костицына Е.А. Влияние типов семейного воспитания на образ ``Я`` дошкольника и его отношение к родителям // Психологическая наука и образование. - 2001. - №2. - С.59-65.

УДК 159.9

ЕРІК МӘСЕЛЕСІНІҢ РЕСЕЙДЕ ЗЕРТТЕЛІНУІ

Мәжитова Гулзат

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Ресей психологиясында ерік-жігердің механизмі мен мәнін анықтау мақсатында, жеке адам құрылымындағы ерік-жігер тұжырымдамаларының орнын анықтау мақсатында едәуір еңбектер бар.

Ю.Б. Гиппенрейтер өз еңбектерінде: «... ерік-жігер ұғымын ескермеуге талай әрекеттер болды: оны ғылыми психологиялық сөздіктен алып тастау, философияның іліміне өткізу немесе тіпті «жоқ» деп жариялау сияқты, дегенмен осы феномен туралы маңызды теориялар мен тәсілдердің авторлары өзінің ғылыми аппараттарының шеңберінде ерік-жігер мәселесін талқылауды қажет деп санады» - деп жазады [1].

Н.С. Ефимов еріктік көріністер тек адамзатқа тән екенін атап көрсетеді. Еріктік көріністер сананың дамуы мен ұжымдық еңбек процестерінен туындайды. Еріктік әрекеттер қоршаған әлемнің әсерімен анықталады, олар рефлексиялық сипатқа ие. Н.С. Ефимова барлық саналы өмір барысында адам өзіне қол жеткізуге бейім міндеттер жиынтығын белгілейді. Ол үшін қиындықтарды жеңу шартынан өту керек, яғни ақылды және физикалық күштердің қарқынды жұмысы, күш-жігерді жұмылдыру арқылы өту керек. Оның айтуынша, ерік-жігер психикалық үдерістердің бірлігін, жалпы функционалдық мақсатқа бағынышты әрекеттер - адамның мінез-құлқы мен белсенділігін саналы және арнайы басшылыққа алатын жүйеленген тұжырымдама. Ерік-жігер бастауын талдай отырып, М.И. Еникеев ерік-жігер баланың ересек адаммен сойлескенінде пайда болады дейді. Бала бірінші кезекте сыртқы тәртіпке сәйкес әрекет етеді және сөйлеу шеберлігімен өзін-өзі сөйлеу командаларын бере бастайды [2].

И.М. Сеченов өзінің «Мидың рефлекстері» атты жұмысында ерікті (ырықты) мінез-құлықты детерминисті (анықталған) ғана емес, рефлекторлы ретінде қарап, волюнтаризмге (еріктілікке) қарсы шықты.

Сеченов «адам өзінің ойы мен қалауына және әрекетіне сәйкес әрекет ете алатындықтан, ол мен оның арасындағы әрекеттердің арнайы ерікті күш болуы керек дегенді білдіреді, яғни бұл ерік деп аталады» [3].

Л.С. Выготский ерік-жігер мәселесін шешім қабылдау еркіндігімен байланыстырды және көбінесе адамға ерік әрекетінің басты бөлігі болып келетін таңдау жасау тән деді [4]. Л.С. Выготский ерікті немесе еркін мінез-құлық өзінің пайда болуында жалпы, әлеуметтік сипатқа ие екенін мәлімдеді және ерік-жігерлі адам мойынсұнуға бейім келеді деп ойлады [5].

Л.М. Веккердің айтуынша, ерікті реттеу интеллектуалды, жалпы әлеуметтік және эмоционалды-моральдық құндылықтардың қатысуымен жүзеге асырылады. Автор «ерік» ұғымын еркіндік ұғымымен синонимді деп ойламайды, бірақ оны тек қызметтің және мінез-құлықтың ерікті реттелуінің ең жоғары нысаны ретінде анықтайды [6].

Сондай-ақ, В. И. Селивановта ерікті реттеуді еркіндікке жатқызбайды, себебі оны еріктің бір формасы деп көрсетеді.